3) на предоставление Банком информации о Заёмщике и сумме его задолженности, включая, но, не ограничиваясь, и сведений, составляющих банковскую и коммерческую тайну в отношении Заёмщика любым третьим лицам в случае ненадлежащего исполнения и /или неисполнения Заемщиком обязательств по Договору банковского займа.

4) на обработку персональных данных и иной конфиденциальной информации, относящейся к Заемщику, в том числе на использование для любых целей, которые Банк посчитает необходимыми по своему усмотрению. Любая передача Сторонами информации о третьих лицах, которой обладают Стороны, являющейся персональными данными таких лиц, составляющей охраняемую в соответствии с законодательством Республики Казахстан тайну, производится только после получения передающей Стороной соответствующих согласий о представлении такой информации (на обработку, в том числе использование для соответствующих целей) от таких третьих лиц и в определённом такими согласиями объёме.

5.8. В целях реализации своих прав по вопросам, связанным со взысканием задолженности, в том числе при уступке прав требования третьим лицам, Банк вправе по своей инициативе предоставлять, передавать, публиковать и любым способом распространять информацию о Заемщике, сумме его задолженности

(включая, но не ограничиваясь: сведения, составляющие банковскую и иную, охраняемую законом тайну в отношении Заемщика, а также документы и копии документов, содержащих такие сведения) третьим лицам, их представителям (в том числе государственным органам, средствам массовой информации, лицам, оказывающим услуги по взысканию задолженности и т.д.), на что настоящим Заемщик выражает свое согласие.

5.9. Права и/или обязанности Заемщика по Договору банковского займа могут передаваться третьему (-им) лицу (-ам) только с предварительного письменного согласия Банка. Для передачи Банком частично или полностью своих прав и/или обязанностей по Договору банковского займа третьему (-им) лицу (-ам) согласия Заемщика не требуется.

5.10. Любой спор, требование или претензия, связанные/возникшие из настоящих Условий, Договора банковского займа или в связи с ним, в том числе касающиеся его заключения и/или исполнения и/или нарушения и/или прекращения и/или недействительности (споры по настоящим Условиям, Договору банковского займа), подлежат рассмотрению в суде в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

5.11. В течение Периода доступности, Заемщик вправе полностью или частично освоить Заем, причем Заем пополняется (возобновляется) на сумму погашенной части задолженности по основному долгу (освоенной и погашенной суммы Займа) и может быть освоен Заемщиком дополнительно.

5.12. По истечении Периода доступности, Заемщик не вправе использовать Заем и обязуется погасить оставшуюся задолженность по Займу на условиях Договора банковского займа.

5.13. Стороны соглашаются с тем, что по каждой части Займа, размер годовой эффективной ставки вознаграждения и значения, использованные при ее расчете, будут определяться с учетом тех платежей Заемщика, которые согласно предоставленной Заемщиком информации будут оплачены в пользу Банка и которые будут подтверждены Банком.

При этом, в случае если фактически произведенные Заемщиком платежи за получение Займа и всех связанных с ним услуг будут отличаться от указанных в Договоре о выпуске и обслуживании платежной карточки, Банк, при обращении Заемщика за перерасчетом годовой эффективной ставки вознаграждения, обязуется в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты получения запроса Заемщика пересчитать годовую эффективную ставку вознаграждения с учетом всех осуществленных Заемщиком в пользу Банка платежей за получение Займа и всех связанных с ним услуг Банка.

5.14. Во всем остальном, что прямо не предусмотрено настоящими Условиями, Договором банковского займа, Стороны руководствуются действующим законодательством Республики Казахстан.

*(«Альянс Кредит Револьверный» өнімі бойынша)*

#### **«Альянс банк» АҚ Банктік қарыз туралы шарттың басты (үлгілік) талаптары**

Осы «Альянс Банк» АҚ Банктік қарыз туралы шарттың басты (үлгілі) талаптары, бұдан әрі Талаптар деп аталатын, Банктік қарыз туралы шарттарды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында қарастырылған тәртіпте бекіту мақсатында әзірленген.

Осы Талаптарға сәйкес Қарыз алушының Банктен банктік қарыз алуына қатысты Қарыз алушыға қызмет көрсетумен байланысты Қарыз алушы мен Банк арасындағы қатынастар реттеледі.

#### **1. ШАРТТЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ**

1.1. Банктік қарыз туралы шарттың бекіту күні және банктік қарыздың мақсаты Қарыз алушының Талаптармен келіскен жағдайында Банк және Қарыз алушы арасында бекітілген Банктік қарыз туралы шартта анықталған (бұдан әрі- Банктік қарыз туралы шарт).

1.2. Қарыздың мөлшері, валютасы, Қарыз мерзімі Банктік қарыз туралы шартта анықталған.

1.3. Қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесінің түрі, сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, оның ішінде сыйақының салыстырмалы есептеудегі нақты жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері және Банктің алатын комиссиялардың толық тізілімі Банктік қарыз туралы шартта анықталып көрсетілген.

1.4. Қарызды өтеу, оның ішінде Сыйақыны немесе тұрақсыздық айыбын төлеу Қарыз валютасында және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілде (қолма-қол, қолма-қол ақшасыз тәртіпте) жүргізіледі.

1.5. Қарызды өтеу әдісі, Сыйақыны есептеу тәртібі Банктік қарыз туралы шартта анықталған.

1.6. Берешекті өтеу кезеңділігі Банктік қарыз туралы шартта анықталған.

1.7. Қарыз алушының Қарыз бойынша берешекті өтеу есебіне төлем карточкасына байланған ағымдағы шотқа аударылып түсетін соманы (оның ішінде ең төменгі төлем) Банк берешекті өтеуге мынадай кезектілікпен жібереді:

а) айыппұл және өсімпұл сомасы;

б) Қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек сомасы;

в) Қарызды пайдаланғаны үшін есептелінген сыйақы сомасы;

г) төлем карточкасы бойынша комиссиялар;

д) Қарыз, техникалық овердрафт бойынша мерзімі өткен негізгі борыш сомасы;

е) Қарыз, техникалық овердрафт бойынша ағымдағы негізгі борыш сомасы;

1.8. Қарыз алушы негізгі борышты және/немесе Қарызды пайдаланғаны үшін Сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Қарыз алушы уақытында төленбеген Қарыз бойынша негізгі борыш және/немесе сыйақы сомасының мерзімі өткен әрбір күні үшін 0,5% (нөл бүтін оннан бес) пайыз мөлшерінде, бірақ Банктік қарыз туралы шарттың әрбір қолданыс жылы үшін Қарыз сомасының 10% (он) пайызынан аспайтын мөлшердегі өсімақыны Банкке төлейді.

1.9. Қарыз алушы Банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Банк Қарыз алушыға міндеттемелерін орындау қажеттігі туралы және оның орындалмау салдары туралы хабар хабарлама жібереді. Егер Қарыз алушы хабарламада көрсетілген мерзім ішінде осы Талаптар және/немесе Банктік қарыз туралы шарт бойынша төлеуге тиісті Қарызды өтеу және/немесе басқа да төлемдер бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк Қарыз алушының Банкте ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында рұқсат етілген басқа жолдармен және/немесе ҚР-ның аумағындағы және одан тыс жерлердегі Қарыз алушыға қызмет көрсететін банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдарда ашылған кез келген шотынан, Қарыз алушының акцептісі талап етілмейтін төлем-тапсырмалары негізінде сөзсіз және акцептісіз алып алуына құқылы. Қарыз алушы Банктік қарыз туралы шартқа қол қою арқылы аталған іс-әрекеттерге өзінің және тікелей келісімін береді.

1.10. Қарыз алушы осы Талаптар, Банктік қарыз туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Банк төмендегілерге құқылы:

1) Қарыз алушы Банктік қарыз туралы шартта көзделген тәсілде Банктік қарыз туралы шарт бойынша төлем енгізу қажеттігі туралы және Қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы хабарлауға;

2) сот шығындарын жатқызумен бірге сот өндірісіне байланысты мемлекеттік бажды және шығындарды және Банктің басқа да шығындарын Қарыз алушының шотына, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте Қарыз алушының кез келген мүлкін өндіріп алу жолымен Қарыз бойынша берешекті мәжбүрлі өндіріп алу туралы шағыммен сот органдарына жүгінуге;

3) Қарыз алушы Қарыз бойынша берешегін осы Талаптар және/немесе Банктік қарыз туралы шарт, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, онымен қоса, бірақ мұнымен шектелмейтін, осы Талаптардың 1.9. тармағында көрсетілген әрекеттерге сәйкес қайтару мақсатында басқадай заңды әрекеттерді қолдануға, бұл ретте Банктің осындай әрекеттерге байланысты шығындары Қарыз алушы есебінен өтеледі.

4) ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларына тежеу қоюды жүргізу.

1.11. Банктің Cashback қызметі Банктің Қарыз алушысына тағайындалады, оған қосылған кезде Қарыз алушы Банктік қарыз туралы шартта анықталған мөлшерде Қарызды пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз операцияларын жасағаны үшін Банк Қарыз алушыға ақша құралдары түрінде сыйақыны төлейді.

Cashback Қарызды пайдаланумен қолма-қол ақшасыз операцияларды, оның ішінде Интернет арқылы жүргізу кезінде есептеледі, бұған төмендегі операциялар тізімін қоспағанда, атап айтқанда:

- казино және тотализаторлық операциялар бойынша,

- лотерея билеттерін және облигацияларды сатып алуға байланысты операциялар бойынша,

- соңында қаражатты қайтару жүргізілген операциялар бойынша,

- Банкте немесе өзге банктерде ашылған банктік шоттарға Карточкадан ақша аударуға байланысты барлық операциялар бойынша,

- электрондық әмияндарды толтыруға байланысты операциялар бойынша,

- банкоматтар, «alib24» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесі және «Handy Pay» мобильді төлемдер құралдары арқылы тауарларды/қызметтерді жеткізушілердің пайдасына қолма-қол ақшасыз төлем.

- Cashback есептеген мезетте Кредиттік карточка бойынша мерзімі өткен берешектердің болуы.

1.12. Банк Банктің қолданыстағы тарифтеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу процедурасына сәйкес Cashback мөлшерін бір жақты тәртіпте өзгертуге құқылы. Cashback төлем карточкасына сыйақы төлеу кезіндегі қолданыстағы іс-әрекетке ғана есептеледі.

1.13. Қарыз алушы Қарызды пайдалану арқылы төленген тауардан/қызметтен бас тарту және Қарыз алушының ағымдағы шотына қайтарылған ақша қаражатын есептеу жағдайында Банкке Қарыз алушының ағымдағы шотынан Cashback сомасын акцептсіз алып алуына келісімін береді.

1.14. Банктік қарыз туралы шарттың қолданыс мерзімі Банктік қарыз туралы шартта анықталған.

## **2. ТАЛАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

2.1. Қарыз алушы өз міндеттемелерін осы Талаптарда, Банктік қарыз туралы шартта қарастырылған тәртіпте және көлемде орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді.

Бұл ретте осы Талаптардың, Банктік қарыз туралы шарттың шеңберінде осы Талаптарда аталған негіздерден басқа, Қарыз алушының өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған ретінде мыналар бағаланады:

а) Қарыз алушының міндеттемелерін орындамағаны және/немесе орындалмаған және кейінге шегерілген міндеттемелері болғанда (оның ішінде Қарызды/Сыйақыны және өзге сомаларды өтеу жөнінде жеңілдікті

кезеңдер белгіленгендер және/немесе Қарыз алушының осы Банктік қарыз туралы шарт бойынша болашақта орындауға тиісті міндеттемелері бойынша болғанда);

б) Қарыз бойынша берешегіне қайта құрылымдауды қоса алып, бірақ мұнымен шектелмейтін, негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша төлемдерді ауыстыру/ мерзімін кейінге қалдыру/ азайту, Банктік қарыз туралы шарт бойынша Қарыздың мерзімін ұзартуды жүргізу.

2.2. Қарыз алушы осы Талаптар және/немесе Банктік қарыз туралы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамағанда, ал ол үшін осы Талаптардың, Банктік қарыз туралы шарттың басқа тармақтарында Қарыз алушының жауапкершілігі қарастырылмаған жағдайда, Қарыз алушы әрбір ондай бұзушылық үшін Банкке Қарыз сомасынан 0,5% (нөл бүтін оннан бес) пайыз мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

2.3. Банктің жауапкершілігі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### **3.1. Банк мыналарға құқылы:**

3.1.1. кез келген уақытта Қарыздың мақсатты пайдаланылуын тексеруге;

3.1.2. оның құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, оның ішінде Қарыз алушының Банктік қарыз туралы шарт бойынша берешекті қайтаруы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және банк тәжірибесінде тыйым салынбаған қажетті және жеткілікті шаралардың кез келгенін қолдануға. Осыған байланысты Банктің шығарылған барлық шығындары Қарыз алушының есебіне жатқызылады;

3.1.3. Қарыз алушы Қарызды қайтару және/немесе Сыйақыны өтеу мерзімін 40 (қырық) күнтізбелік күннен аса бұзғанда, Қарызды мақсатты пайдалану, Қарызды қайтаруды және Сыйақыны төлеуді қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайларда, сондай-ақ Банк жауап бермейтін қамтамасыз ету мәнін жоғалтқан немесе жағдайлар бойынша оның шарттарын нашарлатқан жағдайларда Қарыз алушыдан мерзімінен бұрын Қарызды қайтаруды және Сыйақыны төлеуді талап етуге;

3.1.4. Банктік қарыз туралы шарт бойынша Қолжетімді кезенді мынадай жағдайларда тоқтатуға:

- Қарыз алушының осы Банктік қарыз туралы шарт бойынша кезекті төлемді жүргізу үшін ақшасы болмағанда және олардың болашақта түсу мүмкіндігінің жоқтығында;
- егер Қарыз алушының мүлкіне немесе оның шоттарындағы ақшасына тыйым салынған немесе басқадай түрде өндіріп алу туындаса (немесе осындай салдардың барлығына шынайы қауіп болғанда);
- Банктің негізделген пікірінше Қарыз алушының төлемге қабілеттілігіне және Банктік қарыз туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндіктеріне кері әсер етуі мүмкін басқадай жағдайларда;
- Қарыз алушы Банктік қарыз туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғанда;
- Қарыз алушы Қарызды рәсімдеу кезінде нақты емес мәліметтер ұсынғанда;
- Қарыз мерзімі аяқталғанға дейін 1 (бір) жыл қалғанда;
- ең төменгі төлемді төлеу бойынша қатарынан 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық мерзімін кешіктіру болғанда;
- Банктің алдындағы кез келген ақшасыз міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамағанда;

• Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған басқадай жағдайларда.

3.1.5. Осы Талаптардың 3.1.3. тармағында аталған жағдайлар туындағанда, Банк Қарыз алушыға берешек сомасын мерзімінен бұрын өндіріп алу туралы тиісті талап жолдайды. Қарыз алушы хабарламада көрсетілген мерзімде берешек сомасын өндіріп алу туралы талапты орындамаған жағдайда, Банк акцептісіз тәртіпте Қарыз алушының кез келген банктік шоттарынан берешек сомасын алып алуға (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте Қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлем түрінде Қарыз алушы алатын ақшаны қоспағанда) немесе берешек сомасын мерзімінен бұрын өндіріп алу туралы қуыныммен сотқа жүгінуге құқылы;

3.1.6. Қарызды өтеу бойынша мерзімі өткен төлем үшін де және Сыйақы бойынша мерзімі өткен төлемдер үшін де тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар, өсімпұлдар) есептеуді тоқтата тұруға және қайта жаңғыртуға;

3.1.7. Қарыз алушы Қарызды өтеу бойынша және/немесе Банктік қарыз туралы шарт бойынша төлеуге тиісті басқа да кез-келген соманы төлеу бойынша өз міндеттемелерін 40 (қырық) күнтізбелік күннен асқан мерзімде орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Қарыз алушының Банкте ашқан банктік шоттарынан ақшаны Банке ашылған Қарыз алушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен сөзсіз және акцептісіз тәртіпте шығарып алуға және/немесе Қазақстан Республикасының аумағында және оның аумағынан тыс жерлерде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктерде және/немесе ұйымдарға Қарыз алушының шоттарынан (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте Қарыз алушының талап етуімен ашылған банктік шоттардағы мемлекеттік бюджеттен және әлеуметтік сақтандыру Мемлекеттік қорынан төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлем түрінде Қарыз алушы алатын ақшаны қоспағанда) ақшаны алу туралы, оларды орындау үшін Қарыз алушының акцептін қажет етпейтін, төлемдік және/немесе басқа да құжаттарды ұсынуға құқылы. Қарыз алушының Банктік қарыз туралы шарт бойынша қол қою көрсетілген әрекеттерді жүргізуге Қарыз алушы келісімін білдіреді.

3.1.8. мерзімі өткен берешекті өндіріп алуға байланысты мәселелер бойынша үшінші тұлғаларға Қарыз алушы және оның берешек сомасы туралы ақпаратты ұсынуға, бірақ мұнымен шектелмейтін, мыналарды қоса алғанда Қарыз алушыға қатысты банктік және коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді ұсынуға;

3.1.9. Банктік қарыз туралы шарт бойынша талап ету құқығын толығымен немесе ішінара үшінші тұлғаға беруге;

3.1.10. Банктің жарнамалық акциялары, өнімдері мен қызметтері жөніндегі кез келген ақпараттары бар хабарламалардың (мыналарды енгізе отырып, бірақ мұнымен шектелмейтін: sms-хабарламалар, e-mail, қағаз жүзіндегі хат) барлық түрлерін Қарыз алушының көрсеткен барлық байланыс деректеріне (мыналарды енгізе отырып, бірақ мұнымен шектелмейтін: мобильді нөміріне, e-mail, пошталық үй мекенжайына) жіберуге.

3.1.11. Банктік қарыз туралы шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына бір тарапты тәртіпте өзгертуге.

3.1.12. Қарыз алушының банктік шотына ақша түскен кезде, осы Шарт бойынша ағымдағы міндеттемелерін орындау мақсатында оларға техникалық оқшаулауды жүзеге асыру.

### **3.2. Банк мыналарға міндеттенеді:**

3.2.1. Қарызды Банктік қарыз туралы шартта қарастырылған талаптарда, көлемде және мерзімінде ұсынуға;

3.2.2. осы Талаптарда және Банктік қарыз туралы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, осы Талаптардың және Банктік қарыз туралы шарттың талаптарын орындау мақсатында жасалатын операциялар бойынша құпияны сақтауға;

3.2.3. Қарыз алушыны Банктік қарыз туралы шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы және Қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы Талаптарда қарастырылған тәсілмен хабардар етуге;

3.2.4. Банктік қарыз туралы шарт бекітілген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Қарыз ұсынылған күннен бастап Банк есептеген Сыйақыны төлеу арқылы Қарыздың қайтарылуын қабылдауға, бұл ретте Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлері мұндай жағдайда алынбайды.

3.2.5. Банктік қарыз туралы шарт бойынша берешекті өтеу шотына түсетін кезекті ақшаның (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлеуге жататын сомаға) бөлінуі туралы ақпаратты Қарыз алушының өтініші бойынша айына бір реттен аспайтын үш жұмыс күннен артық емес мерзімде жазбаша нысанда тегін ұсынуға;

3.2.6. ұсынылған Қарызды Қарыз алушының Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толығымен қайтару туралы өтініші бойынша – Қарыз бойынша мерзімі өткен төлемдерді көрсетумен қоса, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлемдерге бөлінген қайтарылуға тиісті соманың мөлшерін 3 (үш) жұмыс күннен артық емес мерзімде Қарыз алушыға тегін хабарлауға;

3.2.7. осы Банктік қарыз туралы шарт бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаларға берген кезде, бұл туралы Қарыз алушыға ағымдағы және мерзімі өткен берешек қалдығын Қарыз бойынша негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлеуге жататын сомаларға бөліп, сондай-ақ Қарызды өтеу бойынша бұдан әрі төлемдердің Банкке немесе Қарыз бойынша талап ету құқығы берілген тұлғаға тағайындалуын көрсету арқылы берілген талап ету құқығының толық көлемін көрсетумен 3 (үш) жұмыс күн ішінде жазбаша хабардар етуге;

3.2.8. Қарыз алушының Қарызбен байланысты сұрақтары бойынша жазбаша сұранымына Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңында белгіленген мерзімде жазбаша жауап дайындауға және қарауға;

### **3.3. Банк мыналарға құқысыз:**

3.3.1. Банктік қарыз туралы шартын бекіту күніне белгіленген тарифтерді, комиссиялық сыйақыларды және Қарызға қызмет көрсету жөніндегі басқа да шығындардың есептеу тәртібін және көлемін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге;

3.3.2. осы Талаптардың 1.12. тармағына сәйкес Cashback мөлшерін өзгертуден басқа, Банктік қарыз туралы шарттың шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін бір тарапты тәртіпте енгізуге;

3.3.3. Қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара өтеген немесе мерзімінен бұрын толығымен өтеген жағдайларды қоспағанда, Қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін Банктік қарыз туралы шартта қарастырылған көлемде тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін өндіріп алуға;

3.3.4. егер негізгі борышты немесе Сыйқыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне келсе, яғни Сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізілген жағдайда тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін өндіріп алуға;

3.3.5. осы Талаптарда және/немесе Банктік қарыз туралы шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, бекітілген Банктік қарыз туралы шарттың шеңберінде Қарыз бойынша Қол жетімді кезеңді бір тарапты тәртіпте тоқтатуға құқысыз.

### **3.4. Қарыз алушы мыналарға құқылы:**

3.4.1. Қол жетімді кезеңінде Қарызды пайдаланған айдан кейінгі келесі айдың 15 (он бес) күніне дейін есептік кезең үшін ағымдағы берешекті толық өтеуге, бұл ретте Қарызды пайдаланған есептік кезеңге есептелінген сыйақыны төлеуден босатылады.

3.4.2. Банктік қарыз туралы шарттың қолданыс мерзімін тоқтату туралы тиісті Өтініш беру талабында осы Талаптар және Банктік қарыз туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен мерзімінен бұрын орындауға, оның ішінде Қарыз бойынша берешекті өтеуге;

3.4.3. Банкке тиісті өтініш беру арқылы Банктік қарыз туралы шарттың Қосымша келісіміне Қарыз алушы кейіннен қол қою арқылы сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін (бұдан әрі - СЖТМ) қайта есептеу үшін Банкке жүгінуге;

3.4.4. Банктік қарыз туралы шарт бекітілген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Қарыз ұсынылған күннен бастап Банк есептеген Сыйақыны төлеумен бірге Қарызды қайтару, бұл ретте Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлері мұндай жағдайда алынбайды;

3.4.5. егер Қарызды өтеу және/немесе Сыйақыны төлеу күні жұмыс емес күнге түскен жағдайда, Қарызды және/немесе Сыйақыны төлеуді тұрақсыздық айыбы пен айыппұл санкцияларының басқа да түрлерін төлемей, одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізуге;

3.4.6. Банктік қарыз туралы шарт бойынша берешекті өтеу шотына түсетін кезекті ақшаның (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлеуге жататын сомаға) бөлінуі туралы ақпаратты өтініші бойынша айына бір реттен аспайтын 3 (үш) жұмыс күннен артық емес мерзімде жазбаша нысанда тегін алуға;

3.4.7. ұсынылған Қарызды Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толығымен қайтару туралы өтініші бойынша Қарыз бойынша мерзімі өткен төлемдерді көрсетумен қоса, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа да төлемдерге бөлінген қайтарылуға тиісті соманың мөлшері көрсетілген мәліметтерді 3 (үш) жұмыс күннен артық емес мерзімде жазбаша нысанда тегін алуға;

3.4.8. Қарызды алған күннен бастап бір жылға дейінгі мерзімде тұрақсыздық айыбын немесе басқа айыппұл санкцияларын төлемей, қарызды толығымен немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеуге;

3.4.9. Қарызға байланысты сұрақтар бойынша даулы жағдайлар туындағанда Банкке жазбаша өтініш білдіруге және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңында белгіленген мерзімде жазбаша жауап алуға;

3.4.10. осы Талаптарда, Банктік қарыз туралы шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

### **3.5. Қарыз алушы мыналарға міндеттенеді:**

3.5.1. Қарызды оның мақсатты тағайындалуына сәйкес пайдалануға;

3.5.2. Банктік қарыз туралы шартта қарастырылған тәртіпте, мерзімде және көлемде Қарызды толығымен өтеуге, ол бойынша Сыйақыны және осы Банктік қарыз туралы шартқа сәйкес Банкке тиесілі басқа да сомаларды төлеуге;

3.5.3. Банкке өзінің тұрғылықты жерінің, пошталық және/немесе банктік деректемелерінің өзгергені туралы дереу 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға;

3.5.4. Қарыз алушының Банктік қарыз туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауына ықпал етуге қабілетті барлық жағдайлар туралы Банкті уақытында хабардар етуге;

3.5.5. Банктік қарыз туралы шартты (Банктік қарыз туралы шарттың қолданыс кезеңінде банктік шоттың ашылуы) бекіткен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке (осы Банктік қарыз туралы шарттың қолданыс кезеңінде ашылған) барлық ашылған банктік шоттарының бар екендігі туралы жазбаша хабарлауға;

3.5.6. Банктік қарыз туралы шартқа қол қоюмен және орындауға байланысты барлық шығындарды Банктің ресми сайтында орналастырылған Банк тарифтеріне сәйкес көтеруге;

3.5.7. Банктің алғашқы талабы бойынша Банктік қарыз туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына байланысты кез келген құжаттарды ұсынуға;

3.5.8. Банк Банктік қарыз туралы шарт бойынша Қарызды, есептелген Сыйақыны және Банкке тиесілі басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын өтеуді талап еткен жағдайда, Банктің жазбаша талабын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің талабын орындауға;

3.5.9. Банктік қарыз туралы шарттың қолданыс кезеңінде таза табыс үлесі мөлшерінің (яғни Қарыз алушының отбасына және/немесе бизнесіне шығындарын алып тастау арқылы табысы, бірақ Қарыз бойынша кезекті төлем сомасын есепке алумен) Қарыз алушының табыс көлеміне (жалақы түрінде және/немесе Қарызды өтеудің басқа көздеріне (ақшалай түсім және т.б.)) ара-қатынасын Қарызды берген сәттегі Банк есептеген мағынадан кем емес мөлшерде ұстауға, бұл ретте Қарыз бойынша жарналарды өтеу үшін жеткілікті болатындай ұстауға;

3.5.10. қаржыландыру шарттарын өзгерткені үшін Банктің ресми сайтында орналастырылған Банктің тарифтерінде белгіленген мөлшерде алынатын комиссияны аталған өзгерістер енгізілген күні төлеуге;

3.5.11. Төлем жүргізілетін күні төленетін ең төменгі төлем сомасын нақтылау үшін Банкке хабарласуға;

3.5.12. осы Талаптарда, Банктік қарыз туралы шартта, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да міндеттерді орындауға.

## **4. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

4.1. Табиғи апаттардың (су тасқыны, жер сілкінісі, індет) тікелей немесе жанама әсерінен болған еңсерілмейтін күш жағдайлары болғанда, әскери қақтығыстарда, әскери төңкерістерде, террорлық әрекеттерде, азаматтық

толқуларда, көтерілістерде, Үкімет, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі тараптарынан ұйғарымдар, бұйрықтар немесе Банктік қарыз туралы шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауларына әсерін тигізетін қандай да бір басқа әкімшілік килігулері немесе қаулылар, әкімшілік немесе үкіметтік шектеулер болғанда, немесе тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс басқа да жағдайларда, егер осы жағдайлар осы Банктік қарыз туралы шарттың немесе еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын оның сол бөлігінің бүкіл мерзімінде орындалуына едәуір әсерін тигізетін болса, осы міндеттердің орындалу мерзімі ондай жағдайлар әрекет ететін уақыт мерзіміне кейінге шегеріледі.

4.2. Осы тараумен қарастырылған Банктік қарыз туралы шарттың орындалуына қатысты тосқауылдар Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органдары беруге тиіс рұқсаттардың, лицензиялардың немесе келуге рұқсаттардың немесе Банктік қарыз туралы шарттың орындау үшін қажетті мақұлдаулардың болмауын қоспайды.

4.3. Тараптар осы Банктік қарыз туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш жағдайларының басталғаны және аяқталғаны туралы бірін-бірі тез арада жазбаша хабардар етулері қажет. Еңсерілмейтін күш жағдайларына сүйенетін Тарап оларды растау үшін Қазақстан Республикасының күзiреттi мемлекеттiк органының құжатын ұсынуға мiндеттi.

## 5. БАСҚА ШАРТТАР

5.1. Қазақстан Республикасының Кредиттік бюро және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес Қарыз алушының Кредиттік бюроға ақпараттарды ұсыну туралы келісімі жазбаша өтінішімен расталады;

5.2. Қарыз бойынша негізгі борыштың мерзімі өткен берешегі пайда болған күннен бастап, мерзімі өткен негізгі борыш сомасына Сыйақы Банктік қарыз туралы шартында қарастырылған көлемде есептеледі (Шарттың 1.3-тармағына сәйкес).

5.3. Банктік қарыз туралы шарттың және/немесе Талаптардың барлық өзгерістері және/немесе толықтырулары жазбаша түрде жасалған болса ғана жарамды болады. Банктік қарыз туралы шартты орындаудан біржақты бас тартуға және Банктік қарыз туралы шартты біржақты өзгертуге, толықтыруға және/немесе бұзуға рұқсат етілмейді, тек осы Талаптарда және/немесе Банктік қарыз туралы шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда. Талаптардың барлық өзгерістері және/немесе толықтырулары Банктің [www.alb.kz](http://www.alb.kz) сайтында жарияланған сәттен бастап әрекет етеді, бұл ретте Қарыз алушы үшін Талаптардың мұндай өзгерістері және/немесе толықтырулары Банктік қарыз туралы шарттың тиісті қосымша келісіміне қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

5.4. Осы Банктік қарыз туралы шарттың өзгерістері және/немесе толықтырулары Банктік қарыз туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Банктің мөрі басылған қосымша келісімдер ретінде рәсімделеді және Банктік қарыз туралы шарт сияқты тәртіпте тіркеліп күшіне енеді.

5.5. Тараптар осы арқылы Банктің Қарыз алушыға міндеттемелерді бұзғаны туралы хабарламаны Банктік қарыз туралы шартта көрсетілген мекенжай бойынша, берешек сомасы (мерзімі өткен) және берешекті (мерзімі өткен) өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі көрсетілген тапсырысты хат арқылы (адресаттың оны алғаны туралы хабарламаны) жіберуге құқылы екендігін растайды және келіседі. Егер Қарыз алушы хабарламада белгіленген мерзімдер мен көлемде талаптарды орындамаған жағдайда немесе хабарламаны алған мерзімінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша қарсылық ұсынбаса немесе хабарламаны алудан бас тарту мақсатында кез келген әрекетті қолданса, атап айтқанда, Банктің, пошта ұйымының қызметкерлері немесе хат-хабар жіберу және жеткізу үшін Банктің тартылған өзге де ұйымдары растаған хабарламаны алудан бас тарту, Банкке өзінің орналасқан жерінің нақты мекенжайының өзгергені туралы хабарламауы (мұндай жағдайларда Банктің хабарламасын Қарыз алушы алды деп есептеледі), Банктің көрсеткен (хабарламаны құрастыру күніндегі) сомадағы Банк талаптары Қарыз алушының құпталғаны деп саналады және 01.07.1999 жылғы Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалды кодексінің 140-бабының 2-тармағының мақсаты үшін даусыз болып қаралады.

Бұл ретте Банктік қарыз туралы шарт шеңберінде осы Талаптарда, Банктік қарыз туралы шартта ескерілген негіздерден басқа Қарыз алушы мынадай жағдайда өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған деп бағаланады:

а) Қарыз алушының орындамаған және/немесе орындалмаған және кейінге қалдырылған міндеттемелері болғанда (оның ішінде жеңілдікті кезеңдер белгіленген Қарызды/Сыйақыны және өзге сомаларды өтеу міндеттемелері және/немесе Қарыз алушының Банктік қарыз туралы шарты бойынша болашақта орындауға жататын басқа міндеттемелері);

б) Қарыз бойынша берешекке і, онымен қоса, бірақ шектелмейтін, Банктік қарыз туралы шарт бойынша Қарыздың мерзімін ұзартумен негізгі борыш және/немесе Сыйақы жөніндегі төлемдер мерзімін ауыстырумен/мерзімін ұзартумен/азайтумен қайта құрылымдау жүргізуді.

5.6. Банктік қарыз туралы шарттың әр Тарабы екінші Тараптан алған банктік, қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттардың қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға тапсыру, жариялау немесе жария ету тек қана Тараптың жазбаша келісімімен, сондай-ақ осы Талаптарда, Банктік қарыз туралы шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда мүмкін болады.



5.7. Қарыз алушы Банктік қарыз туралы шартқа қол қою арқылы мыналарға өз келісімін береді:

1) банктік құпия болып табылатын ақпараттарды Банктің ашуына:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және негіздеделері бойынша Банк қызметіне тексеру жүргізетін тұлғаларға;

- сондай-ақ банктен алынған/алынатын ақпараттарды үшінші тұлғаларға жарияламау туралы міндеттемені контрагенттің(-тердің) қабылдау мәні болып табылатын келісімді Банктің осындай тұлғамен жасау талабымен Банктің контрагентіне(-терге).

2) Қарыз алушы Банктік қарыз туралы шарт бойынша тиісті түрде орындамаған және/немесе орындамаған жағдайда Банктің Қарыз алушы туралы және оның берешек сомасы туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейтін Қарыз алушыға қатысты банктік және коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді үшінші тұлғаларға ұсынуға.

5.8. Банк берешекті өндіріп алуға байланысты мәселелер бойынша өз құқықтарын жүзеге асыру мақсатында, оның ішінде үшінші тұлғаларға талап ету құқықтарын беру кезінде өз құқықтарын жүзеге асыру мақсатында өз бастамасы бойынша үшінші тұлғаларға, олардың өкілдеріне (соның ішінде мемлекеттік органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына, берешекті өндіріп алу бойынша қызмет көрсететін тұлғаларға және т.б.) Қарыз алушы туралы, оның берешегінің сомасын (қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмейтін: Қарыз алушыға қатысты заңмен қорғалатын банктік және басқа да құпия болып табылатын мәліметтерді, бұнымен қатар осындай мәліметтері бар құжаттар мен құжаттардың көшірмелері) туралы ақпаратты беруге, тапсыруға, жариялауға және кез келген тәсіл арқылы таратуға құқылы және оған Қарыз алушы осы арқылыөзінің келісімін береді.

5.9. Банктік қарыз туралы шарт бойынша Қарыз алушының құқылары және/немесе міндеттемелері үшінші тұлғаға(-ларға) тек қана Банктің алдын ала жазбаша келісімі арқылы берілуі мүмкін. Банктің осы Банктік қарыз туралы шарт бойынша өзінің құқықтарын және/немесе міндеттемелерін толығымен немесе ішінара үшінші тұлғаға(-ларға) беру үшін Қарыз алушының келісімі қажет емес.

5.10. осы Талаптарға, Банктік қарыз туралы шартқа байланысты/пайда болған немесе оған байланысты, сонымен қатар оның жасалуына және/немесе орындалуына және/немесе бұзылуына және/немесе тоқтатылуына және/немесе жарамсыздығына қатысты (осы Талаптар, Банктік қарыз туралы шарт бойынша даулар) кез келген дау, талап немесе кінәрат-талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта қаралуға жатады.

5.11. Қол жетімді кезеңде Қарыз алушы Қарызды толығымен немесе ішінара игеруге құқылы, оның үстіне Қарыз, негізгі борыш бойынша берешектің өтелген бөлігінің сомасына (Қарыздың игерілген және өтелген сомасы) толықтырылады (жаңғыртылады) және Қарыз алушының қосымша игерілуі мүмкін.

5.12. Қол жетімді кезең өтуімен Қарыз алушы Қарызды пайдалануға құқығы жоқ және Банктік қарыз туралы шарттың талаптарында Қарыз бойынша қалған берешекті өтеуге міндеттенеді.

5.13. Тараптар Қарыздың әр бөлігі бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері және оны есептеу кезінде пайдаланылған мәні Қарыз алушы ұсынған ақпаратқа сәйкес Банк пайдасына төленетін және Банктің растайтын, Қарыз алушының сол төлемдерін ескерумен қоса анықталатынымен келіседі.

Бұл жағдайда егер Қарызды және оған байланысты барлық қызметті алғаны үшін Қарыз алушының нақты жүргізілген төлемдері Төлем карточкасын шығару және қызмет көрсету туралы Шартта көрсетілгендерден ерекшеленетін жағдайда, Қарыз алушы сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін қайта есептеу үшін өтініш білдіргенде Банк Қарыз алушының сұрауын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде Қарызды және оған байланысты барлық қызметті алғаны үшін Қарыз алушының Банк пайдасына іске асырған барлық төлемдерін ескерумен сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін қайта есептеуге міндеттенеді.

5.14. Тараптар осы Талаптарда, Банктік қарыз туралы шартта тікелей қарастырылмаған басқа барлық жағдайларда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.